

Ж. САХИЕВ

Марстан шыкқан
жанҕыры

ЖҮНІС САХИЕВ

**МАРСТАН ШЫҚҚАН
ЖАҢҒЫРЫҚ**

Ғылыми-фантастикалық роман, әңгімелер



Алматы
Білім
2002

ББК 84 Қаз 7-44
С 26

Сахиев Жүніс

С 26 **Марстан шыққан жаңғырық. Ғылыми-фантастикалық роман, әңгімелер. – Алматы: Білім, 2002, - 244 бет.**

ISBN 9965-09-064-5

Қазақстанда сериялы ғылыми-фантастикалық романдарды бастаушы белгілі жазушы-фантаст, Қазақстан Жазушылар одағы Жандос әдеби сыйлығының лауреаты, Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі Жүніс Сахиевтің “Жазушы” баспасынан 1999 жылы жарық көрген “Көктен келген кошпенділер” ғылыми-фантастикалық роман-кітабы, чех, орыс, т.б. тілдерінде журналдық нұсқасы жарияланған “Қимайтын өлем”, “Ғарыштан келген гүл”, “Космотарих куәсі” ғылыми-фантастикалық романдары оқырман қауымның ынта-ықыласына ие болған. Қолыңыздағы романында жазушы бір топ қазақ жастарының (Марсқа) қоныстану жолындағы іс-әрекеттерін ғылыми негізде қызықты баяндайды. Қазақ қаһармандары кеңістіктен келіп, “дайын асқа” тап болғысы келген келімсектерге өз мекенін қадірлеу қажеттігін түсіндіреді. Қызыл ғаламшар сойтіп, қазақ халқының екінші атамекеніне айналады. Ғылыми-фантастикалық романның, әңгімелердің тілі көркем, оқиғасы тартымды, ой-идеясы терең.

С $\frac{4702250201-040}{412(05)-02}$ 2002

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-09-064-5

© Сахиев Ж., 2002
© “Білім”, 2002

МАРСТАН ШЫҚҚАН ЖАҢҒЫРЫҚ

(ғылыми-фантастикалық роман)

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЕКІНШІ ЖЕР

Дүлейлі табиғат

Қызыл жұлдыз есімінің тарихқа жазылғаны қашан. Адам баласы бұл ғаламшарға келмек түгілі, жақындатқыш құралмен көрмей тұрып көтерілуі ерте замандағы Жер ғаламшарында тұрған тұрғындарға ерекше әсер етсе керек. Қазақ халқы мұны Қызыл ғаламшар десе ежелгі римдіктер соғыс құдайының атымен Марс деп атады. Әрбір елдің өзінше қойған есімдері болды. Қалай десе де, бұл ғаламшардың бір ғана ерекшелігі сақталды — ол қызыл түстілігі еді.

Енді міне, ғасырлар бойы осы ғаламшардың үстін адамзат елі жайлап келеді. Алғашқы кездері бұл арнайы жіберілген автоматты ғаламшараралық кемелермен зерттелді. Онан кейін ішінде адамы бар кемелер қонды. Артынша мұнда биосфералар пайда болды. Биосфералар ғаламшардың қыртыстарының астына орналастырылды. Онда бірнеше бөлім болатын. Алғашқы таңдап алынған жерлер күн жүйесіндегі ең алып тау Олимп, Эллада және басқа өйгілі, қолайлы бірнеше аймақ еді. Бүгінде орнаған елдің саны жоқ. Көбі дерлік экватор маңына орналасқан. Мұның маңында күндіз температура плюс жиырма градусқа дейін көтеріледі. Кейде тіпті, жиырма беске дейін жылынатын жағдайы бар. Ал Күн батыстағы көкжиекке таяғанда температура минус он градусқа күрт төмендейді. Ал таң алдында нағыз қақаған аяз болады. Арнайы жасалған термометрдің қызыл сұйығы зырылдап минус тоқсан градусқа барып тіреледі.

Мұндай құбылмалылықтың сыры мұндағы тұрғындарға үйреншікті болып кеткен. Атмосфера мейлінше сирек болғандықтан жылу ұзақ сақталмайды. Күні бойғы алынған жылу күн батысымен әлемдік кеңістікке тез тарап жөнеледі. Таң алдында ғаламшар беті бейне бір тіршіліксіз сияқты көрінеді. Қала біткеннің бәрі арнайы шыны қорғандарын жауып алады. Содан қашан Күн көтеріліп, айнала жыли бастаған кезге дейін жұмыстарын сол шыны астында

жүргізеді. Жерден алғаш рет келген адам үшін мұның да ерекше көрінетіні сонан.

Қызыл ғаламшардың ғажайып бұлттарын көру де өзінше бір ерекше оқиға болып табылады. Соны көру үшін адамдар ерте оянады. Таң алдында шығыс жақтан ақ бұлттар көрінеді. Кейде көгілдір түсті бұлттар шалынады. Мұндай көріністі Жерден келген әрбір адам ерінбей бақылайды. Ал қысқа мерзімге келгендері тіпті таңды ұйқысыз атқызады. Тұрғындар Қызыл ғаламшарды көбіне “Екінші Жер” деп атайды. Бірақ мұның Жерден өзгешелігі көп-ақ. Олар негізінен ғаламшардың тәуліктік айналысын ұқсатады. Өйткені, мұндағы бір тәулік Жердегі тәуліктен қырық минутқа ғана ұзақ. Жердегі тұрғындар әлемдік уақытқа сағаттарын туралап жатқанда мұнда әлі қырық минут жетпей тұрады. Жалпы, мұндағы айырмашылық қырық минут емес, дәлірек айтса, жиырма төрт сағат, отыз жеті минут, жиырма үш секунд. Мұны біле тұрса да тұрғындар дөңгелектеп, қырық минутқа келтірген. Ал мұндағы күн тәулігі Жерден 39,5 минутқа ұзақ.

Мұнда Жердегі сияқты ыстық, екі жылы және екі суық белдеу бар. Сондай-ақ жыл мезгілдері де өтіп жатады. Тек айырмасы – мұндағы әрбір мезгіл Жердегіден екі есеге ұзақ. Бұл Қызыл ғаламшардың Күнді айналып шығу мерзіміне байланысты. Жермен салыстырғанда Күннен 1,52 есе қашық болғандықтан мұндағы жыл 687 жер тәулігіне созылады. Сондықтан да мұндағы тұрғындар Жерден келген адамдардан бір жасқа кіші болып тұрады. Жерде екі жыл өмір сүріп, екі жасқа келген бала, мұнда енді ғана жасқа толуға жақындаған інісін кезіктіреді. Осындай шешім қабылданған. Тек жас қана емес, мұндағы көп нәрселерде өзгешелік бар. Адам баласы ғаламшарды тіршілікке қолайландырғанымен баяу өсушілік жағына билік жүргізе алмаған. Ғаламшар Күннен жылуды Жермен салыстырғанда 2,3 есе аз алатындықтан суықтық та жалықтырмай қоймайды.

Ал мұның полярлық аймағындағы суық өзінше билік құрады. Атам заманнан белгілі “ақ қалпақ” делінетін мұзды аймақтағы температура қыс мезгілінде минут жүз жиырма градусқа дейін төмендейді. Дегенмен, мұндағы мұзды аймақ өз көлемін жыл мезгілдеріне қарай өзгертіп отырады. Көктемде кішірейеді, ал жазда мүлдем жоғалады. Ал оңтүстік полярлық қалпағы ол жағы салқындау келетіндіктен жаз айларының өзінде де мүлдем еріп кетпейді. Аздап болса да қалып қояды. Жаз мезгілінде тек полярлық қалпақтар ғана емес, жалпы ғаламшар табиғатында біраз өзгерістер болады. Жерден адамдардың келіп қоныстануы, биосфералар орнатуды, қолдан

көл мен теңіз жасауы мұндағы ылғалдылықты да арттыра түскен.

Қызыл ғаламшардағы адамдарға ең қолайсыз көрінетін бір құбылыс — дауыл. Дауыл көтерілген сәтте адам өзінің қайда келіп түскенін, я болмаса қайда тұрып жатқанын ажырата алмайтындай күйге бөленеді. Өйткені, бұл дауылдың жылдамдығы секундына 50 метрге дейін жетеді. Оның буырқанғанынан көтерілген шаң дауылы тіпті жиырма шақырымға дейін шарықтайды. Ал дауыл басылғаннан кейін ғаламшар беті адам танымастай өзгеріп шыға келеді. Кей жерлерде үлкен-үлкен ойпаттар, апандар, ал кей жерлерінде толқын-толқын белдер пайда болады. Құмды дауыл болатын аймақта орналасқан үйлер біраз уақытқа сол құмның астында қалады. Бірақ арнайы жасалған техниканың күшімен қайта тазартылады. Адам баласының үйренбейтін қиындығы жоқ. Ғажайып табиғатты қызықтап өмір кешу үшін мұндай қатерге де төзеді.

Ауа-райындағы ерекше құбылыс мұнымен де шектелген емес. Ара-тұра қар жауатын, тау бастарын тұман қоршап жүретін мезгілі болатын аймақтар да бар. Негізінен ғаламшар табиғаттың әсем көрінісіне өте кедей. Бірақ солай бола тұрса да өзіндік ерекшеліктерімен адам баласын тартады. Мұнда екі серіктің бары да бесенеден белгілі. Оларды ерте кездерде Жерде өмір сүрген адамдар өз көзімен бірде бір рет көрмейтін. Енді олар төбе тұсында жүр. Жүргенде де өзіндік ерекшелігімен назар аудартады. Түрі пішінсіз болып келетін Фобостың беті бұжырланып көрінеді. Көлемдері 5 метрден 10 шақырымға дейін жететін кратерлері қарайып-қарайып көрінеді. Ал жарықтығы жағынан Фобос толған кезінің өзінде Жерден қарағандағы Айдың бірінші ширегіндей ғана болып жарықтанады. Мұнысы ештеме емес. Фобос бір тәуліктің ішінде Қызыл ғаламшарды үш реттен аса айналып үлгереді. Бір айналымы небәрі жеті сағат, отыз тоғыз минутқа созылады. Ол ғаламшар үстінде тұрған адамдарға алты мың шақырым қашықтықтан көрінеді. Фобостың жылдам жылжитыны сондай, ол бір минуттың ішінде шығысқа қарай 47 минутқа ығысады.

Ал Деймостың жағдайы онан басқаша. Ол жай көзге Жерден қарағандағы Шолпан ғаламшары сияқты жарқырап көрінеді. Бірақ оның шеңберлік сызығын ажырату мүмкін емес. Деймос ғаламшарды отыз сағат, он сегіз минутта өз осінде бір айналып шығады. Бұл да батыстан шығысқа қарай қозғалады. Бірақ тәуліктік айналымнан баяулау. Деймос ғаламшарды 23500 шақырым қашықтықта айналады. Белгілі бір аймақта ол әрбір 131,4 сағатта болады. Ол шығыстан

баяу көтеріліп, батысқа қарай ығысады, арада 66 сағат өткенде батып кетеді. Бұл кезде ғаламшарда екі жарым тәулік өтеді. Сондықтан да Деймос күн сайын шығып, батпайды. Бірақ орташа отыз сағат, жиырма бір минутта өзінің фазасын толық өзгертеді.

Қызыл ғаламшардағы осындай құбылыстың бәрі де тұрғындарға үйреншікті болып кеткен. Ол тек Жерден кездейсоқ немесе арнайы сапармен келген адам үшін ғана таңсық. Расында да алғаш рет келген адам мұнда тез үйрене алмайды. Тәуліктің қырық минутқа ұзақтығы, атмосфераның сиректігі, екі бірдей серіктің аспанда қалықтап жүруі оның көңілін еріксіз бөлумен болады. Ал біраз күн өткен соң бұл ортаға үйрене бастайды. Сөйтіп, Күн жүйесіндегі төртінші ғаламшардағы тіршілік жалғасып жатады.

Жерден келген кеме

Қызыл ғаламшардың таңы қызық. Күн Жердегі сияқты аспанды әуелі ағартып, содан соң сарғыш тартқызып барып шықпайды. Мұнда Күн Жерден қарағандағыдан екі есеге жуық кішірейіп, сәулесі мардымсызданып көтеріледі. Сондықтан да таң алдындағы суыққа жан баласы төзе алмас еді, мұндағылар арнайы жылытқышы бар комбинезон киеді. Ол жеңіл етіп тігілген. Кәдімгі таңертең жүгірген, жаттығу жасаған кезде киетін жеңіл киіммен бірдей. Онымен кез-келген істі де жасай беруге болады. Жер бетінде адамдардың киімсіз жүрмейтіні сияқты, мұнда да тұрғындар комбинезонсыз далаға шықпайды. Ал Күн көкке көтеріліп, тал түс болғанда жаз мезгілі болса, жылылық жиырма бес градусқа дейін көтеріледі. Бұл үйреншікті жылылық. Ондай кезде елді мекен тұрғындары комбинезондарын шешіп, жеңіл киімге көшеді. Бірақ жеңіл киімнің де өзінше ерекшелігі, өзінше зиянды ғарыш сәулелерінен қорғағыштығы бар. Мұна Күннің зиянды сәулелерін ұстап қалатын қалың атмосфера жоқ. Сондықтан да ол ғаламшар бетіне дейін жетеді. Қай уақыттарда, ғаламшар беті мейлінше жарықтанып, қызғандай болғанда тап Айдың үстінен аумай кетеді. Ондайда адамдар оранжерея ішінен шықпайды. Ондағы суға шомылады, ағаштардың көлеңкелерінде демалады.

Сондай өмір кешіп жатқандардың бірі экватор маңынан орын тепкен “Қазақ” елі еді. Жерден арнайы топ құрып, осында бұдан ондаған жылдар бұрын көшіп келген жас жұбайлар бүгінде үп-үлкен елге айналған. Балалар да улап-шулап жатады. Олар үшін қайда тұрғанда да бәрібір. Көзін ашқаннан көргендері осындай табиғат болса, қайда барсын.

Жер жайлы мектеп қабырғасында оқиды. Олар жайлы жиі-жиі видеофильмдер көреді. Суреттер қарайды. Қысқасы, ата-бабаларының шыққан Жерін жап-жақсы біледі. Бірақ соған қарамастан олар Жерге барудан бас тартады. Жер олар үшін бөтен, адам тұрғысыз бір тіршілік ортасындай көрінеді.

Өмір сүрген ортаның адам баласына қалай өсер ететіні де осыдан көрінсе керек-ті. Адам баласы қайда жүрсе де өзінің туған жерін аңсайды. Ал мұндағы жер ортасы жасынан асып қалған тұрғындар да сондай күйде жүреді. Ара-тұра бәрі бас қосып, Жер туралы ән де айтады. Балалық шақтарын еске алады. Қолы босағандары барып та қайтады. Бірақ барып-қайту айтуға оңай болғанымен қиыр ғарыш. Оған адамның екі жылға жуық өмірі кетеді. Сол жағын ойлағанда көбісі Жерге барудан да бас тартады. Осы үйренген ортада жүре берсем, осында дүниеден өтсем деп те ойлайды. Көпшілігінің дерлік әке-шешелері сол Жерде қалған. Сонда жерленген. Ол жағын да ойлайтындары бар.

Елді мекен ешкім иемденбеген, ешкім шекаралап алмаған бір даланы алып жатыр. Бүгінде мұнда көп өзгеріс бар. Күн өткен сайын мұнда құрылыс қосылып келеді. Құрылыс болғанда да киіз үй тәрізді ғимараттар. Бұл пішін қай заманда да қолайлы болған. Мұнда да өзіндік ерекшелігімен көзге түсті. Ол сілкініс атаулыға төзімді. Ал дауылды кезде арнайы жылжығыш алаңмен ғаламшар қыртысына еніп кетеді. Ал дауыл қойған соң үстін жауып қалған құм арнайы агрегаттармен тазартылады да, ақ үйлер жаңбырдан шыққан қозықұйрықтардай жыпырлап-жыпырлап ғаламшар бетіне шығады. Егер бұл елді мекенді ғарыш кемесі арқылы қараса, үлкен әріптермен жазылған “Қазақ елі” деген жазуды көрер еді. Үйлерді осындай тәртіппен орнатқан-ды.

Сол қазақ еліндегі тіршілік бүгін де таң атысымен қыза бастаған. Негізгі жұмыс осы ғаламшардың табиғатын Жер табиғатына жақындату болғандықтан тұрғындардың іс-әрекеттері де соған жұмылдырылған. Мұндағы ең көп нәрсе — су. Ғаламшардың солтүстік және оңтүстік полюстерінен мұз әкелу де оңайлыққа соға бермейді. Оған тек бұл ауыл емес, осында қоныстанған басқа басқа да елді мекен тұрғындары қатынайды. Әуеде ызың қаққан су тасушы көліктерден көз тояды. Ғарыштық техника басты құрал болғандықтан өмірдің бағыты да соған негізделген. Ара-тұра Жерден де су әкелінеді. Ол суға не жетсін. Жер суына зәру болып, көп күтіп отырмас үшін бұл ауылдың тұрғындары ойпатты бір жерден бұрғы да жүргізген. Ол бұрғы көп тереңдікке сүңгіп, талай заман қатып жатқан мұздан су ерітіп шығаратын. Ол су да Жердікіне ұқсас еді. Тұрғындар сол

судың арқасында көп нәрсені жасады. Айналасы талай шақырым шаршы аумақты алып жатқан ауыл ішінің табиғаты да өрлене берген. “Су бар жерде ну бар” деп халық бекер айтпаса керек. Қиындықтар да аз кездескен жоқ. Қызыл ғаламшардағы суық көбіне мүмкіндік бермейді. Мұндағы барлық жасыл біткен арнайы шынының астында күн кешеді. Бірақ осы ғаламшардың топырағынан нәр алады. Күнінен сәулесі алады. Жаз мезгілі болып, Күн көкке көтеріліп, температура жиырма беске жеткен кезде өсімдіктер де кәдімгідей бой жазып қалады. Бұл ортаның бір ерекшелігі Жерде жаз айы үш айға созылса, мұнда ол алты айдан асып жығылады. Сол жағынан мұндағылар көп нәрсені ұтады. Соңғы кезде мұнда да саудагершілік те пайда бола бастаған. Ол өзiрге өзара едi. Ал Жер мен екі ара алыс. Ол сауда жағына көп кедергі келтірді. Сондықтан ара-тұра кейбір тұрғындар осындағы елді мекендермен байланыс ұстамаққа келіскен-ді. Бірақ ел басшысы оған тыйым салған. Осы себепті де бұл елді мекен Күн жүйесіне “Бейпатшалық” деп әйгілі болған.

Елдің күн шығыс жағындағы үлкен таудың басына орнатылған бақылау мұнарасының қызыл шамы тәулік бойы өшкен жоқ. Ондағы кезекші Жерден келетін кезекті қоқыс тиеген кемені күтіп отырған. Қалың арнайы шынымен қоршаған кең залдың ішінде ол жалғыз өзі әрі-бері сенделді. Бір қабырғаны түгел алған панельдегі қызылды-жасылды шамдардың саны белгісіз еді. Кезекші ол шамдардан гөрі шағын-шағын экрандарға көбірек назар аударды. Өйткені, ғаламшар айналым жолына іліккен кез келген ғарыш кемесі әуелі солардан көрінеді. Ал онан көрінді деген сөз, бірнеше минуттан соң осында жетеді дегенді білдіреді. Кезекші денелі сары жігіт еді. Ол ешқашан Қызыл ғаламшардың табиғатына тойған емес. Осы ғаламат биік таудың үстінен алақандағыдай көрінетін ғаламшардың қыртыс-қыртысын, бір заманда су ағып, енді арнасы ғана қалған орындарын, толқын-толқын құм белдеулерін қызықтайтын. Әсіресе, таңғы суық мезгілде табиғат алақандағыдай анық көрінеді. Күн сәулесі қиғаш түсетін болғандықтан үлкен-үлкен тастардың көлеңкелері бір жағына қарай созылып жатады. Көлеңке мен күн сәулесінің айырмасы Айдағы көріністей анық. Бәрі де ашық сырмен бояп қойғандай. Ал қыртыс-қыртыс жерлер бейне бір үстін бассан, мұзша жарылып, опырылып, шексіз бір құрдымға құлап кетердей көрінеді. Сары жігіт осының бәрін көзімен шолып өтетін. Шолмай қайтсін, уақыт та өткізу керек. Жер ғаламшарымен кеме жетіп, мына экраннан, онан жай көзге көрінгенше де біраз уақыт өтеді. Сол екі арада табиғатты тамашаламағанда не істейді. Ал түн мезгілінде тап

осы Қызыл ғаламшардың өзінде тұрып қарағандағыдай көрінетін Жерге де қадалады. Ол бұған қарағанда да көгілдір түсті. Сондықтан да осындағы тұрғындар Жерді кейде “Көгілдір жұлдыз” дей салады. Кезекші жігіт арнайы алаңға шығып, жұлдыздай болып көрінген Жерге де ұзақ қарап алды. Оның бетінде бүгінде құмырсқаша құжынап жатқан адамдарды, олардың қарбалас тіршіліктен гөрі қолайсыздау болса да мұнда арқаны кеңге салуға мүмкіндік бар еді. Анда-санда келетін Жер кемесін алаңдай күтуінің өзі де осы тыныштықтың нәтижесі болса керек.

Кезекші жігіт станция ішіне қайта кіргенде панельдегі шағын экрандардың бірінің беті жыпылық қақты. Ол тез келіп, бір түймені нұқыды. Өзі көптен күткен алапат ғаламшаралық кеме экранға түсіпті. Бұл Қызыл ғаламшардың айналым жолына ілікті деген сөз. Енді оның қонуы ғана қалды. Мұндағы магниттік өріс те, тартылыс өрісі де Жермен салыстырғанда әлдеқайда аз болғандықтан қалықтап қону әлдеқайда жеңіл. Бірақ соңғы кемелер бір кездегі Жердегі әуе-ғарыш кемелері сияқты бірте-бірте төмендеп келіп, тегіс жолмен жүгіріп барып тоқтайды. Ең бастысы оның дұрыс келуін, алаңда басқа кемеңіз болмауын қадағалау.

Жігіт өзінің жұмсақ орындығына отыра кетті де, ғарыш портындағыларға былай деп мәлімет берді.

— Кезекші Райымбек Сейдәліұлы хабарлап тұр. Жер ғаламшарынан нөмірі тоқсан бірінші “Жер” кемесі келіп жетті. Қонуға рұқсат беріңіздер!

— Рұқсат! — деген дауысы жетті дыбыс күшейткіштен жас қыздың.

Райымбек бірнеше түймелерді тез-тез бірінен соң бірін басып жіберді. Сөйтті де дыбыс күшейткішке қарап тұрып:

— Нөмірі тоқсан бірінші “Жер” кемесінің экипаждары! Ғарыш портының қону алаңы бос! Төмендей беріңіздер! — деді.

— Түсіндік! Төмендеуді бастадық! — деген сөз дыбыс күшейткішті жаңғырықтыра шықты.

Райымбек енді экрандарды бірінен соң бірін қосып, алапат кемеңіз жан-жағын қарап шықты. Оның самұрыққа ұқсаған бейнесі шынында да жақындатып көрген кезде қорқынышты еді. Бейне бір ол бүкіл ғаламшар бетін алапат қанаттарымен жаба салатындай. Бірте-бірте дүрілін күшейтіп, төмендеп келеді. Енді бір кезде оның денесі солқ ете түсті. Бұл ауыр дөңгелектерін шығарған сәті еді. Енді қараған адамға тап кәдімгідей бүруге дайындалып, қашқан түлкіге қарай құйылып келе жатқан бүркіттен аумай қалған. Бір кезде айтылатын ертегідегі оқиға енді шынымен-ақ өмірде болып

жатқандай. Айырмасы — мұның гүрілі бар, пошымы қолдан жасалған. Жігіт экраннан оның қону барысына қарап тұрып осындай да бір шамалы қиялға кеткен. Кенет ол басын көтеріп алып, алапат кеменің дөңгелектерін бақылауға кірісті. Олар әуеде, әрі бос болғандықтан желдің әсерінен ара-тұра ғана шамалы айналып тоқтап, айналып тоқтап келе жатқан еді. Бір кезде зулаған кеме тегіс асфальт жол бойымен жанай ұшып, түзу сызыққа тураланған мезетте ол дөңгелектер зыр айнала жөнелді. Алапат кеменің қанаттары да сол кең асфальт жолды көрсетпей бүркеп жауып алған. Енді Райымбек оның күжірейген арқа жонын көріп отырды. Ол мейлінше жылдам зырғып барады. Мұның негізгі мақсаты да, қызметі де Жерден келген осындай алапат кемелерді аман-есен қондыру болғандықтан экрандардан көз алмады. “Жер” кемесі зулап талай жерге жетті. Содан соң жүгіруін баяулатып-баяулатып барып, арнайы бұрылатын жерге барып, кішкене кідірді. Сөйтіп, бері қарай бұрылып жайымен жүрді.

— Жерден келген нөмірі тоқсан бірінші “Жер” кемесі алаңға аман-есен қонды! — деп мәлімет берді осы кезде Райымбек!

— Көріп отырмыз! Бәрі жақсы! Рақмет! — деп оған порттағы кезекші қыз Айтолды Нұрханқызы ап-анық даусымен жауап қатты.

Бірақ бұл кезде алапат кеме өлі де тыныштанған жоқ еді. Ол баяу жылжып, олай да бұрылды, бұлай да бұрылды. Оны бұрып тұрған порт алаңындағы орын белгілеуші кезекшілер болатын. Олар бөз-баяғы Жердегі ереже бойынша қолдарына жалауша ұстап, келген кемеге тұратын орын көрсететін. Бұл жолы да сол үйреншікті іс қайталанды. Олар кеменің әрбір қозғалысын тау басындағы “Бақылау станциясынан” да, ғарыш портынан да қадағалап отырылатынын жақсы біледі. Сондықтан да үстіне қоқыс-көң артқан кемеге дұрыс деген орынды белгіледі. Жерден әкелінетін көң де, қоқыс та, су да мұндағыларға алтыннан да қымбат. Өйткені, осындағы тіршіліктің негізгі тірегі де сол. Қоқыс пен көң арқылы миллиондаған суыққа төзімді бактериялар келеді. Олар бірте-бірте осындағы климатқа қалыптасады. Олар қалыптасқаны, көбейгені Қызыл ғаламшарда тіршілік жағдайының жандана бастағаны деп есептелінеді. Дегенмен, Жер бетінде бір кездері дәуірлер бойы қалыптасқан тіршілік жағдайын мұнда ғасыр ішінде орнату оңай іс емес екені белгілі. Сол жағынан келгенде кеме қаншалықты алапат болса да, мынандай игерусіз жатқан ғажайып дала үшін ұшып келген шыбын мен оның ұрығындай ғана көрініс болатын.

Елді мекен тұрғындары ол қоқыс пен көнді өздері күтіп-баптап жүрген оранжереяларына, көкөніс алаңдарына пайдаланады. Ал қалғанын ғаламшардың ашық даласына тастайды. Бұл бір жағынан Жер тұрғындары үшін тиімді нәрсе. Онда қоқыс пен көнді тастайтын жер таппай жатады. Ал мұнда керісінше ғаламшарды тіршілік қалпына келтіру үшін сондай қоқыстар қажет-ақ.. Тек екі аралық алыс. Кеме қаншалықты алапат болса да, мұндағы ауылға бөлгенде ештемеге жетпей жатады. Әсіресе, су жағы мейлінше тапшы. Қызыл ғаламшардың өз суына үйренбеген адамдар Жер суын сары майдай сақтап, аз-аздап үнемдеп ішеді. Ал ол жоқ кезде амалсыздан қайтадан өздері тіршілік етіп жатқан ғаламшардың суына көшеді.

Жер ғаламшарынан мұндай алапат кеменің келуі тұрғындар үшін үлкен жаңалық. Ауыл үлкен болғандықтан кеменің дыбысы, қалықтап қонуы адамдардың көз алдында өтіп жатады. Ол күні олар ұйықтамайды. Таңғы тоқсан градустық суыққа қарамастан, кейбірі далаға шығып, өздеріне қажетті нәрселер өкеле жатқан Жер кемесін қарсы алады. Бүгінгі таң да сондай бір елеулі оқиғалы болды. Абыр-сабыр қозғалыс тек ғарыш портында емес, күллі қала типтес ауылда да болып жатты. Ал ғарыш портындағылар келген жүкті түсіруге кіріскен. Әуелі кемеден хат-хабар жағы түсірілді, сонан соң жеке адамның заттары, су құйылған ыдыстар. Ал қоқыс пен көң басқа жаққа апарылатындықтан әзірі түсірілмеді. Жерден келгендерді арнайы көлікке отырғызып, тексеру бөліміне алып кетті. Жер мен Қызыл ғаламшар арасы аз қашықтық емес. Ұшқыштар жылға жуық өмірін сарп етеді. Алапат кеменің ішінде барлық жағдай жасалғанымен де жерде жүргендей болмайды. Салмақсыздық, шектеулі орта, қалбырларға салынған тағамдар қанша дегенмен адам баласын жалықтырады.

Ғарышкерлер оның үстіне Қызыл ғаламшар үстіне түскенде өздерін ерекше жеңіл сезінеді. Тіпті, қалбалақтап жүре алмай қалатын кездері де болады. Сондықтан да оларды дәрігер-мамандар кеме тепкешегінен қарсы алып, сүйемелдеп өкеп көлікке отырғызады. Егер кемеді басқа да адамдар болса, тап осы әрекет қайталанар еді. Мұндағы қалған істердің бәрін роботтар атқарады. Олардың денелерінің салмақтары осындағы тартылыс күшіне сай жасалған. Сондықтан да олар емін-еркін қозғалады. Кемемен бірге Жерден роботтар жіберілмейді. Өйткені, ол тиімді емес. Тиімді болмайтын себебі, екі ғаламшардың тартылыс күштерінің екі түрлілігіне байланысты. Егер Жерден робот салатын болса, мұндағы аз тартылыс күшінде

қалықтап кетпес үшін салмағы ауыр роботтарды салар еді. Ол кемеге артып жүк болмақ. Сондықтан да сол ауыр роботтар осы жердің өзінде құрастырылады. Соның өзінде де олардың салмақтары білінбейді. Ал олар Жерде болса, дәл мұндағыдай еркін қозғала алмас еді. Бойларын ауыр техникалардағы сияқты салмақ басып, жұмыс атқарулары қиындамақ.

Кемедегі хат-хабар, жеке адамдардың заттары, су құйылған ыдыстары тездетіп қажетті жеріне өкелілді. Содан кейін кемедегі қоқыстар мен көң басқа техникаға артылды. Осы техника оны белгіленген аймаққа апарып төкпек. Қоқыс деп жалпы аталғаны болмаса, кемеге артылған нәрселер өндіріс орындарынан шыққан қалдықтар, фторлы көмірсутектер еді. Оған өміршене микроорганизмдер араластырылған. Қызыл ғаламшардағы тіршілік жағдайын Жердегіге жақындату мақсатындағы әрекет мұнымен ғана шектелген емес. Ғаламшардың полярлық ақ қалпақтары — мұздарының бетіне де қара түсті бактериялар шашу ісі де көптен жүргізіліп келеді. Кей жағдайда көдімгі ыс та төгіледі. Бұл ғаламшардың жарық шағылыстырғыштық қабілетін азайту мақсатында жасалады. Сонда ондағы қар мен мұз еріп, ғаламшар беті жыли түспек.

Ал экватор маңында тұратындар үшін ондай әрекеттің керегі шамалы. Мұнда жаз айларында күннің жылылығы жиырма бес градусқа дейін көтерілетіні белгілі. Тіпті міршене микроорганизмдердің әрі қарай дамып кетуіне де мүмкіндік бар-ды. Бірақ Қызыл ғаламшар ғарыш кемесі емес, оранжерей емес, оның үлкендігі Жермен бірдей. Шамалы ғана кіші. Ал осындай ортаны жасыл әлемге айналдыру үшін қаншама фторлы көмірсутек қажет болар еді. Оны Жердегілер де, мұндағылар да жақсы біледі.

Арнайы техникаға салынған қоқыс пен көң ғаламшардың жазықтау деген даласына жеткізілді. Оның бетін күні кеше ғана болған құмды дауыл себелеп кеткен еді. Ал кейде ондай дауыл бірнеше айға созылады. Ондай кезде тіпті, күннің көзі де көрінбей кетеді. Аспан қызғылт түске айналады. Оның бір ғана пайдасы — құмды перде ғаламшардың бетінің сәл де болса жылуына көмектескендей болады. Сондай бір дауыл өткен жерлерде қалың-қалың құм жатты. Техника дөңгелектері кей жерлерде шыр айналып, ілгері қарай жүре де алмай қалады. Ондайда оның адымдап жүретін аяқтары бар. Солар арқылы түйеше көтеріледі де, қалың құмды елемегендей ілгері жылжып жөнеледі. Оны басқарып отырған жас жігіттің реңі де құқыл тартқан. Табиғаттың дүлейінен әр кез сақтанып, алда не боларын білмей отырса, құқыл

тартпай қайтсін. Оның үстіне Жер ғаламшарындағы сияқты емін-еркін жалаңаштанып алып бір де рет қыздырынған я өзенге түскен емес. Бәрі де шектеулі ортада, арнайы киіммен ғана. Мұнда тек жаңа туған нәресте ештемені сезбейді. Өз туған ортасына қалыптасады.

Техника елді мекен маңындағы дауыл әсерінен тақырланып қалған жерді іздеп тапты да, сол жерге алыстан әкелінген қоқыстарды төкті. Оның ішінде жыбырлап жатқан микроорганизмдер де жаңа ортаны сезгендей тітіркене бастаған еді. Бірақ оны кім көріп жатыр. Техниканы басқарып отырған жігіт қоқысты жаймалайтын тетіктерді бірінен кейін бірін басты. Қоқыс жаймалана берді. Бір кезде ол сол қоқыстардың арасынан өзіне беймәлім бір затты көрді. Ол арнайы қорапқа салыныпты. Сырты мықтап бекітілген. Жігіт оны ішінде не барын біле алмады. Техниканың еппен қозғалатын қол-манипуляторын қосты да, соның көмегімен қорапты алып, бір шетке қойды. Бірақ алып кетуге деген ниет жасаған жоқ. Ол жайлы арнайы байланыс арқылы ғарыш кемелері портына хабарлады. Олар шамалы уақыттан соң оны келіп алып кететіндерін, онан бұрын анықтап тексеретіндерін ескертті. Жігіт өз жұмысын бітірді. Қоқыстарды жаймалап болған соң техниканың манипуляторларын жинап, келген жолына түсті.

Көгілдір жұлдыз

Оның дене мүсіні сұлу еді. Айналасындағылар сонысына қарап, бүгінгі заманның дәуі дейтін. Бір ғажабы, осында тұратындар Жердегілерден әлдеқайда тез өсетін болды. Ал жас жағынан олардан бір жылға кешеуілдеп жүреді. Бұл Қызыл ғаламшардағы бір жылдың Жердегі екі жарым жылға тең келетіндігінен болса керек-ті. Оның үстіне мұндағы шектеулі орта да адам баласының тамақтануын жиілетеді. Тартылыс өрісінің аздығы, атмосфераның сиректігі де адам дене тұрқының өсу реттілігін бұзатын сияқты. Аз жылдың ішінде мұнда тұратындар көдімгідей мүсінденіп қалған. Ал о баста денелі келгендер онан сайын іріленген. Мұндағы жеміс-жидектер де жақсы өседі. Арнайы күтім болғандықтан тез өспей қайтсін.

“Қазақ” елді-мекенінің басшысы Қайыргелді Нәдірұлы өзінің жер төлесінен сыртқа шықты. Бұл түн мезгілі еді. Қара аспанда жыпырлаған жұлдыздар көз тұндырады. Жерден көмескіленіп шалынатын кей жұлдыздар жақындай түскендей жарқырап тұр. Бірақ жарығы құбылмайды. Оның

атмосфераның сиректігінен екені өз өзінен түсінікті еді. Қайыргелді кей түндері осылайша бір жұлдыздармен оңаша сырласатын. Туған Жерін аңсап кететін кездері де аз емес. Жақын жер болса, ара-тұра барып та келіп тұрар еді. Оған қайда. Өзі ел басқарады. Осы елді мекендегі барлық тұрғын өзінің аузына қарап отыр. Бейпатшалық құрудың да өзіндік қиындығы бар. Жерден неге келіп еді? Осы жағын да ол жиі есіне алатын. Жер ғаламшарындағы қилы-қилы оқиғалар кім-кімге де түсінікті. Ал ондағы халық саны күн сайын артуда. Табиғат ресурстарының азаюы, ауаның, судың ластануынан қаншама адам қаза тауып жатады. Онан да басқа шешілмей жатқан көкейкесті мәселелер көп-ті. Бірақ соған қарамастан Жер тұрғындары қиыр ғарышты игеруді де ұмытпаған. Ғарыштық кемелерін жетілдіре түскен. Сондай бір мүмкіндікті осы ауылды құрап отырған ер азаматтар да пайдаланған еді.

Жерден біржолата көшуге бел буған. Жер шары тарланып бара жатқандықтан, тағы басқадай қолайсыз қоғамдық жағдайлардан Қызыл ғаламшарға барамын дегендерді ешкім ұстамайтын. Соған бұлар бірігіп арнайы ғарыш кемесін сатып алып, осы аймақты таңдаған. Бүгінде өздерінің белгілі шекаралары бар. Енді тек оны тіршілікті жағдайға көндіктіре түссе болғаны. Ал басқасының бәрі бар. Оранжерея, мал ұстайтын орта, құс бағатын орта, тағы басқадай тіршілікке оң беретін жәндіктердің бәрі ұсталады. Ендігі мақсат — тек соларды сыртқа шығару. Сыртқа шықса, бұлардан өткен бай болмақ емес. Жер шарында тығылып, жерді метрлеп өлшеп, бір-бірімен таласқаннан гөрі мынандай кең далада жүргенге не жетсін. Оның үстіне бұлар Жердегі лас ауадан, лас судан, шудан, шектен тыс бағдарламадан құтылды. Енді жүйкелері тыныш. Тек өзара тату болса болғаны.

Қайыргелді біраз жерді шарлады. Бүгін түн тыныш еді. Жел жоқ. Төбеде жылдам жылжып бара жатқан Фобос та Айдың бірінші ширегіндей жарық беріп, толып, беті бұжырланып қалыпты. Оның артынан Деймос көтеріліп келеді. Ол көдімгі Жерден қарағандағы Шолпан ғаламшарын көзге елестетеді. Көдімгідей жарқырайды. Аяз қақаған сайын олардың жарықтары да күшейе түсетіндей. Ал Күн шыққанда мына жылт-жылт етіп жатқан ғаламшар беті біршама жіпсиді. Тайғақтанады. Сонан соң көдімгідей кеуіп-жып-жылы ортаға айналады. Ал қазір суықтың суығы. Арнайы скафандр кимесе, бір заматта мұзға айналар еді. Қайыргелді оны жақсы біледі. Бұл ғана емес, осында тұратындардың бәрі де бұл табиғатқа үйрене бастаған. Бірнешеуінде жас нәресте де бар. Олар осы ғаламшардың болашақ қожалары болмақ.

Ол енді күллі жұлдыздарды шолып шықты. Солардың арасынан көзіне оттай басылып, көгілдір жұлдыз түсті. Ол — Жер еді. Ал Жерде тұрып қарағанда осы ғаламшар қызғылттанып көрінеді. Сондықтан ежелгі қазақ мұны “Қызыл жұлдыз” деп атап кеткен. Сол бір кездің өзінде-ақ олар атын дәл қойған. Енді болса, солардың ұрпақтарының ұрпақтары оның үстінде тіршілік етіп жатыр. Қайыргелді өзін бейне бір ежелгі заманға кеткендей сезінді. Өзінің оқығанын, экрандардан көргендерін есіне алды. Сөйтіп барып, қиялмен өзі тұрған орнынан жылжып та кеткендей болды. Жер ғаламшарының тарихы қандай еді. Ол да осы Қызыл ғаламшар сияқты пайда болды. Жалпы, Күн жүйесіндегі жер тектес ғаламшарлардың бәрі де бір тозаңнан шыққан. Содан кейінгі бір заманында барлық ғаламшарлардың денесінен ағыл-тегіл су бөлінді. Ол суды ұстап қала алғанында ғана тіршілік орнады. Сонда өзінің атмосферасы мен гидросферасын ұстай алмағандардың ішінде осы Қызыл ғаламшар да бар еді. Бұл жөнінде нелер болжамдар айтылды. Ғалымдар арасында айтыс-тартыс та болды. Көп жағдайда мұнда бір кезде тіршілік болған деген пікір дұрысқа саналатын. Осындағы пирамидаға ұқсас таулар, кеуіп қалған өзен арналары, адам басына ұқсаған алып тастар бір кездері Жер шары адамдарын шулатқан. Ал полярлық ақ қалпақтар мұнда көшудің негізгі тірегі болды. Бір жағынан қарағанда, ғаламшардың қазіргі жағдайы жаңа-жаңа тіршілікке қолайланып келе жатқан кезең тәрізді. Мұнда биосфералық болса да өмірдің бес патшалығы бар. Ол күн өткен сайын тарап, жайылып барады.

Қайыргелді осындай ойлармен біраз жер жүрді. Қара аспандағы жұлдыздар мен ғаламшарлар өзін аздап болса да тебіrentпей қойған жоқ. Әсіресе, өзі тап ана көгілдір жұлдызды — Жер ғаламшарындай өсем жұлдызды өмірінде көрмеген еді. Енді өзі туып-өскен Жерін өзі қызықтап, кейде сағынып та қояды. Осында келуге негізгі түрткі болған байлық еді. Ол армандары орындалып келеді. Өздерінде бәрі де бар. Киіз үй үлгісімен жасалған бөлімдер мұнда көп. Оларда Жер ғаламшарындағы сияқты түрлі орта бар. Қолдан жасалған теңіз де, көл де осында. Ірі қара да, уақ мал да жетеді. Құстар мен хайуанаттар да өздерінің бөлімдерінде жүр. Олар санасыз болғандықтан қайда жүрсе де бейқам. Осы жерде дүниеге келген, осы ортада өсіп шыққан хайуанаттар мен өсімдіктер қаншама. Егер оның бәрі ғаламшар бетіне емін-еркін шықса, Жердегіге ұқсас көрініс орнар еді. Әзірге шектеулі. Жерден әкелінген қоқыс пен көң, олардың арасындағы өміршең микроорганизмдер әрі

қарай дамып кетсе, мұндағы атмосфераға өзгеріс әкелері сөзсіз. Ол бүгінде бірте-бірте жүзеге асып та келеді.

Қайыргелді осыларды да бір ойлап қойды. Ойламай қайтсін, енді бар ауыртпалық та, жауапкершілік те бір өзінің басына түскен. Ол осы елдің басшысы, осы елдің патшасы. Осындай бір бейтпатшалық құруды өзі о бастан армандайтын. Енді сол арманы да жүзеге асып келеді. Соңғы кездері мұндай біршама қазба байлықтың көзі ашылды. Ал ғарыш кемелері жанармайы өз алдына бір төбе. Соңғы кездері Жер ғаламшарында жанармай атаулының тапшыланғаны да белгілі. Тек қана ол емес, басқа да көкейкесті мәселелер көбейген. Ал бұлар содан дәл кезінде кеткен сияқты. Бірақ бір жалықтырған нәрсе — оңашалық еді. Ауыл ішінде адамдар қаншалықты көп болса да, басқа елмен араласпағандықтан жалықтыра да бастайтын сияқты. Бұларды алдандыратын қазба байлық пен жанармай ғана. Сонымен бірге тамақ табу қамы, мал бағу, өсімдіктер мен көкөністерді күту, хайуанаттар мен құстарға қарау. Киіз үйлердегі теңіз бен көлдің жағдайын қадағалау. Сондай-сондай мәселелер көп жағдайда зеріуге мүмкіндік бермейді. Ал мына серуен сирек болатын көрініс. Бірақ оның есесіне қатты әсер етеді. Кей түндері осылайша далаға шығып, келген ғаламшарға қарап өкінішті де бастан өткеретін кезі болады. Мұнда басқа да елдер болғанымен әрқайсысы өз тіршілігімен өлек. Жердегідей атмосфера, биосфера, гидросфера жайлы ойламайтын жағдай емес. Ондағы тұрғындар оларға назар аудармайды. Тек ғалымдар ғана айналысады. Онда да ондағы өзгерістерді қадағалаумен шектеледі. Ал мұнда ең бірінші тіршілігінді ойлайсың. Ауаны, суды, тамақты, үй жағдайын уәйімдейсің. Бір күн су болмай қалса, қаншама үрей туады десеңші. Ондай жағдай да кездеспей қалмайды. Ал мұндағы артықшылық — оңашалық, газ-түтіннің жоқтығы шудың жоқтығы, саяси айтыстартыстың жоқтығы. Осы жағынан келгенде бейпатшалық қажеттігі де айқындалатын сияқты.

Қайыргелді айналасы қоршалған ортада біраз жүрді. Содан соң қайтадан үйіне оралды. Бұл кезде киіз үйлер ғаламшар бетінде болатын. Өйткені, соңғы күндері мұнда құм дауылы болған жоқ. Кешегі алапат кемеңгі келіп қоғаны да осы ауа-райына байланысты еді. Егер құмды дауыл көтерілген болса, әдетте ол ғаламшардың төңірегіндегі айналым жолға шығады да, қашан ауа-райы түзелгенше сонда айналып жүреді. Ондай кезде мұндағылар да киіз үйлерін ғаламшар қыртысының астына түсіріп жіберіп, дым болмағандай тым-тырыс қалады. Сонда үлкен ауылды құрайтын киіз үйлердің үстіндегі тегістен құмдар қарша борап өтіп кетіп жатады. Бұлар о

баста осы жерді бекер тандамаған. Мұнда құм жатпайды. Әуелі үстін жауып қалардай болады да, желдің күшімен қайта көтеріліп, зым-зия жоғалып кете береді. Кейде бұлар киіз үйлерді сыртқа шығарған кезде осы манды біреу өдейілеп тұрып алып сыпырғымен тап-таза, тап-тұйнақтай етіп сыпырып қойғандай болады. Оған өздері де талай қайран қалып, талай күлген. Өздерінің қоқыс шашып жүрген жерлері де құм тұрақтамайтын жер. Ол ойпаттау болып келген. Жел оның үстінен өтіп кетеді. Ал құм жиналмас үшін бұлар оның төңірегіне бекет орнатқан. Сол бекеттерге жиналған құмның көптігі сонашылықты, кейде ол жер өзінше бір кратер сияқтанып қалады. Айналасына жиналған қызғылт құм жалданып кетеді. Онан кейде адамның өзі де өте алмай қалады. Ондайда көмекке техника келеді. Өзі де мұндағы алып техникалардың жүйесі сол құмды тазалауға негізделген. Өйткені мұндағы ең басты қатер де сол — құм дауылы. Ал су да, теңізбен мұхит та мұнда әзірі жоқ.

Үй іші жақсы жабдықталған. Киіз үй деп аталғанымен оның қабырғалары, уықтары мен шаңырақтары арнайы мықты материалдан жасалған. Бір замандағы қазақтардың киіз үйлерінде бірнеше бөлімнің болғаны белгілі. Олар негізінен бай қазақтарда болатын. Мұндағы көрініс те сол байлардың тұрмысын көзге елестетін еді. Бөлім көп. Ал тіршілікке қажетті нәрселер өсетін арнайы орта мұнан біршама қашық. Оған ғаламшар қыртысы астында арнайы жолдар жасалған. Сонымен баруға болады. Алыстарына кішкене көлікпен баруға болады. Құбыр іші кең. Кәдімгі Жердегі метро станцияларын көзге елестетеді. Өздері жұмыс жасайтын, зерттеулерінің нәтижелерін есептейтін орталық үй де бар. Онда түрлі залдар жасалған. Сол залдарда демалыс уақытын өткізуге болады. Осы күні, осы ғаламшарда туған жастар сондағы театрларға барады. Оранжереяларда серуен құрады. Ауа-райы жақсы болған кезендерде оларға сыртқа шығуға да рұқсат беріледі. Әркім өзі туып-өскен ортасын дұрыс көреді. Соны сағынады. Жерден келгендер өз Қазақстанын сағынса, мұнда туғандар ол жаққа таңырқай қарайды. Қызық көреді. Жыбырлаған адамдардың, қала көшелеріндегі ығы-жығы транспорттардың жүрісін, олардың ара-тұра болып тұратын соқтығысуларын көргенде таңырқап, өздерінің ата-аналарынан сұрап тұрады. Бұлар бар тарихты түсіндіруге тырысады. Бірақ бәрібір жастарға осы оңашалық, оңаша патшалық ұнайды. Әрі бұл патшалық ешкімге бағынбайды. Сондықтан да бейпатшалық болып саналады.

Қайыргелді осыларды да ой елегінен өткізген. Содан сыр етіп ашылған есіктен ішке кіргенде оның іші күндізгідей

жап-жарық еді. Өздері мұнда қаншама жылдарды артқа тастаса да Күннің жарығына бір қанған емес. Күн мұнда Жердегіден екі есеге жуық кішірейіп көрінеді. Соның салдарынан жылу да аз. Жарықтың жетімсіздігі көп жағдайда бұлардың көңіл-күйлеріне де әсер беретін. Ал мына үйдегі қолдан жасалған, Жер жағдайына ұқсатылған жарық көңіл-күйді ерекше көтереді. Кірген бойда Қайыргелді жататын бөлмеге өтті. Онда жұбайы Бүбіхан кітап оқып отыр еді. Жолдасы кіріп келгенде ол кітабын төсек үстіне тастай беріп, орнынан еріксіз тұрып кетті.

— Неге сонша кешіктің? — деді ол уәйім кешкенін жасыра алмай, — қалай? Дала тыныш па екен?

— Тыныш, — деді Қайыргелді оның бозғылт жүзіне қадалып, — синоптиктер қателеспегті. Дауыл көтерілген жоқ.

— Құдайым-ай, — деді Бүбіхан Қайыргелдінің жалпақ жауырынына екі қолын асып жіберіп, оң бетін көкірегіне тигізіп, — өйтеуір оңашалыққа құмар болдың. Сол Жерден көшпей-ақ қоюымыз керек еді. Тар, тар дедің де тұрдың. Сол тар ортада миллиардтаған адам өмір сүріп жатқан жоқ па еді.

— Өткен іске өкініп қайтесің, Бүбіш, — деп Қайыргелді жұбайының мөлдір қара шашынан сипады, — онда да қиналып жүруші едің ғой, анда да кезек, мында да кезек. Бірде бар, бірде жоқ деп. Енді не арманың бар? Бар нәрсе өзінде. Жаның қиналып жатқан жоқ. Табиғат байлығы өз алдында. Үй мынау, жиһаз мынау! Не керек енді саған?

— Сен керексің, — деді Бүбіхан басын күйеуінің көкірегінен бері алып, жүзіне қадалып, — сен үшін қорқамын. Дауыл табиғатта қазба байлық іздеу, су іздеу қиынның қиыны. Мені қойшы, жылы үйде ана бес перзентіңді бағып-қағып отыра беремін.

— Қай жерде де бір құдай сақтайды, Бүбіш. Оған қам жей берме. Кім қашан көз жұмады, бір мандайға жазған жазу көрсетеді. Несіне уәйімдей бересің. Біздің бұл бейпатшалығымызға қызығып жүргендер де аз емес. Әсіресе, ғарыш кемесі жанармайы үшін мұнда келмейтін жан жоқ. Біз Қызыл ғаламшардың ең жанармайға бай аймағына орналастық. Бізді қазір Жер ғаламшары ғана емес, Күн жүйесіндегі тіршілікке қолайландырылған барлық ғаламшар мен серіктердегілер жақсы біледі. Әрине, су тапшы екені анық. Ал су дегенде әлгі Есекқырғының серіктерін иемденгендер күшейіп алған. Солардан да табуға болар еді.

— Иә, — деді әйелі екі қолын мүсінді жұбайының екі иығынан сусытып түсіріп, жантая диванға отыра кетіп, — айта берсең көкейкесті мәселелер көп. Қойшы, онан да бір көңілді бірдеме айталықшы.

Қайыргелді диванға отыра кетті. Бүбіхан енді мұның иығына басын сүйеген. Екеуі бір сәт үнсіз отырды. Келесі жұмыс бөлмесінде электронды сағаттың жасыл шамы жыпылықтап, уақытты дәл көрсетіп тұрған-ды. Қайыргелді оған қарағанда жасыл цифр түнгі он бір сағат елу тоғыз минутты көрсетіп тұрып, сәл өтпей лып деп төрт нольге айналды. Қайыргелді жаңа тәуліктің басталғанын көріп, әйеліне қарады.

— Біздің өміріміз тап осылайша лып етіп өте шығады, — деді ол оң қолымен әйелінің ұзын қара шашын сипап, — жаңа күн, жаңа тәулік басталды.

— Ал Жерде жаңа тәуліктің басталғанына қырық минут өтті, — деді Бүбіхан күйеуіне жүзі мен бота көздерін бұра қарап, — уақыт деген бір ғажайып нәрсе. Онымен бірге арпалысып отырмасаң, кешеуілдеп қала бересің, қала бересің. Бірақ бәрібір шегіңе жетесің. Бейне бір конвейер сияқты. Жатсаң да, тұрсаң да, тыпырлап жұмыс істесең де, қысқасы не істесең де өзінді жылжытып әкете береді, әкете береді, сөйтіп, күндердің күнінде о дүниеге сүнгітіп жібереді.

— Сен де бір уәйімшіл болып алдың-ау! — деді енді Қайыргелді сәл сергіп, — әңгіменің тақырыбы мені тығырыққа тіреп барады. Кішкене стереотеледидар көрсек қайтеді?

— Балаларды оятып алмайық.

— Құлаққа ілер бар емес пе?

— Жарайды. Тындасақ, тындалық.

Екеуі жайымен басып, кең демалыс бөлмесіне келді. Тып-тыныш болғандықтан абаймен жүрген аяқ басыстары да қатты шыққандай болған. Сөйтіп, екі жұмсақ кресло-диванға отырды да, аралық басқаратын кішкене панельдің бір түймесін басты. Стереотеледидардың экраны жарқ етіп жанды. Жаңа ғана қараңғы болып тұрған кең бөлме енді көгілдір түске боялды. Түнгі сағат он екіден кейін Жерден қызықты хабарларды көруге болады. Бірақ бұл жолы екеуі қырық минутқа кешікті. Көп жағдайда осылайша шатасып қалатын жайы бар. Хабар басталып кетіпті. Қазақ телевизиясынан берілген тамаша концерт аяқталуға таяпты. Соған қарамастан екеуі тапжылмай қарап отырды. Қазақ жерінің ғажайып табиғатын көрсете келіп, неше түрлі әндер мен әуендер берілді. Әсіресе, сол тамаша табиғат төсінде ән айтып тұрған жігіттер мен қыздар, сол ортада би билеген жігіт-қыздар бұлардың балалық шақтарын еріксіз көз алдарына әкелді. Оны көргеннен кейін мынандай сұрықсыз табиғат ортасында алтынды басыңнан аяғыңа дейін құйып қойса да тұрғың келмей кетеді. Бірақ адамның әсері көпке созылмайды.

Бірнеше сағаттан соң қайта қалпына түсіп, сол бәз-баяғы тіршілік қамына кірісесің. Ерлі-зайыптылар да сондай бір күйге түсіп барып қайта өз орталарына келген-ді. Бүбіханды көп жағдайда үй ішіндегі жиуаз тыныштандыратын. Әйел баласы болғандықтан жылтырағанға құмар. Сол жылтырағандардың әрқайсысын бір тамашалап, өзін күтіп, айна алдында түзелгенше біраз уақыты өтеді. Онан кейін балаларымен айналысады. Избасар, Ілияс, Іңкәрбек есімді үш ұлы, Бәлия, Бәкизат есімді екі қызы бүгінде аяқтанып қалған. Ұлдарының алды мектептің жоғары кластарында оқиды. Ең кіші қызы бірінші класты тәмамдады. Мектепке барар жол мұнда қатерлі емес. Бәрі де құбыр арқылы өтеді. Балалары кейде айлап далаға шыға алмайды. Ол дауылдың болуына байланысты. Бірақ сырт күркіреп, сарылдап жатса да мұндағы тіршілік тыныш. Ештеме болмағандай. Осы Қызыл ғаламшарға келгенде екеуі де салт еді. Онда батыл да болатын. Енді міне, осы жаңа ортада алты бірдей перзенттері дүниеге келді. Алды ер жетіп те қалған. Енді біраз жылдан соң әкесіне көмек те беретін болады.

Стереотеледидарды сөндірген соң екеуінің де көңіл-күйлері күрт түсіп қалды. “Ер туған жеріне, ит тойған жеріне” деген мақал да екеуінің ой санасын орап алғандай, естеріне қайта-қайта түсе берді. Бірақ ол жайлы бір-біріне тіс жарған емес. Тек осы түн ғана, осы түн ғана екеуін мазалап бітеді. Оның үстіне Қайыргелді көп ұйықтамайтын адам. Соған ілесемін деп Бүбіхан да жүйкелейді. Ал ол жұмыстан кешіксе, уәйімдей бастайды. Таныс емес тұсы көп бөтен табиғаттан бәрін де күтуге болады. Олардың әрбір жүрген қадамы қатер. Қатерсіз орын осы киіз үй іші ғана, құбырлармен жалғасқан орталық, оранжереялар ғана. Сондықтан да әрбір жұмыс күнінен кейін екеуі алты баланың әке-шешесі болса да, талып жетіп қосылған ғашықтардай осылайша ұзақ сырласады. Жерді аңсайды. Артынша өздерін өздері жұбатып, алдайды. Сөйтіп, бұл жолы да түннің бір уағында төсекке жатты.

Бұрғы басында

Бүгін де әдеттегіше жұмысшылар су бұрғысы басына ерте жиналды. Негізгі мақсат ғаламшардың терең қыртысынан су алу болғандықтан таңалакеуімнен қамданған олар көңілді көрінді. Бір-бірімен емен-жарқын әзілдесіп те қояды. Кімнің ішінен не ойлап тұрғанын біліп-пішу қиын. Біреулері шын жүрегімен амандасып, шын жүрегімен әзіл айтып жатқандай болады. Енді бірі сырты күліп тұрғанымен ішінде бір бықсып

жатқан өкініс бардай сезіледі. Бірақ онысын білдірмеуге тырысады. Мұндай дүлейлі табиғат ортасында ауызбірлік болмаса тіршілік қиынға соқпақ. Жиналғандар өздерінің бастықтарын күтіп тұрды. Су бұрғысы орнатылған төңіректе бірнеше көшпелі үйшіктер бар. Айналадағы үлкен-үлкен төбелердің бір-бір бүйірінен тесіп құбыр жасалынған. Әлгі киіз пішінді жылжымалы үйшіктер дауыл көтерілген заматта сол құбырға барып еніп кетеді. Әйтпесе, дауылдан көтерілген құм оны көміп тастамақ. Ол жағын мұқият ескерген. Бір кездері сондай ағаттықтан талай зерттеушілер қатерге ұшыраған. Содан кейін бөрі де дұрыс ойластырылған.

Жұмысшылардың жиналатын орыны жұпыны еді. Олар пәлендей ыңғайлы орынды қажет етпейтін. Қанша дегенмен Жерден шалғай ғаламшар болғандықтан мұндай ағаттықтардың болары анық. Тіпті, Жер ғаламшарының өзіндегі кейбір құрылыс орындарында жетімсіздік болып жатпай ма. Су іздеушілердің ішінде осы ғаламшардағы басқа шет ел азаматтары да бар. Олар тәжірибе алмасу мақсатында әрі көмектесуге келген. Жалпы, мұндағы әрбір елді мекен Жердегі бір-бір мемлекеттің бір бөлігіндей. Ал осы ғаламшардағы қазақ аулы да жалғыз. Сондықтан да қайбір істе болмасын, бұлар бір-бірімен араласып кетеді. Бір-бірінен көмектерін де аямайды. Басқа төнген қатерді бірге көтереді.

Осындай бірлікке жұмылдырылған жұмысшылар тобы таңғы еңбекті әзілмен бастап жатқандары да содан-ды. Мұнда тіл мәселесі шешілген. Қай-қайсысында да бір-бір тілмаш. Жер шарындағы екі мыңнан аса тілдің бәрін әп-сәтте аударып беретін шағын құрал бұлардың оң білектерінен орын алған. Оны “Аудармашы-білезік” деп те, атайды. Сол арқылы бірін-бірі жақсы түсініседі. Сырттан келгендер жұмыс аяқталысымен арнайы кемеге отырып өзді-өзді еліне кетеді. Ол кемелінің бір ерекшелігі — ғаламшар бетіне мейлінше жақын ұшады. Бұл мұндағы дауыл дүлейінен қорғанудың бір жолы болатын. Қазір ол кемелер жылжымалы үйшіктер қажет кезде енетін орындардың жанындағы шағын-шағын қуыстарға қойылған.

Жұмысшылар әлден соң әңгіменің төркінін Жер ғаламшарына, ондағы қол жетпес кейбір тамаша жағдайларға аударған еді. Сол кезде өзінің бір кісілік жеңіл көлігімен бастық та жетті. Ол келе жұмысшылармен жылы амандасып, себептермен кешіккені үшін кешірім сұрады. Тұрғандар онысына ренжіген жоқ. Бәз-баяғы әзілдерін жалғастыра берген. Тыныс Жақсымұратұлы өзін бастықтан гөрі қарапайым жұмысшы есебінде ұстайтын. Оның түр-тұлғасы да нәзік. Орта бойлы, арық, ат жақты, қою кішкене қара мұрты бар, көзі шүңірейген. Қатпарланған қолдарын Қызыл

ғаламшардың желі әбден үріп жеп тастаған сияқты жіңішке. Тамырлары одырайып-одырайып көрінеді. Жұмысшылар да оған таңырқай қарайды. “Егер осыны бастық етіп сайламаса, қалай жұмыс істер еді, неге әлі келер еді” деп іштей таңырқайтындары да жоқ емес. Қалай десе де, Тыныс сөзге де іске де шебер. Жұрттың тілін таба біледі. Қайсарлық мінезі де бар. Бейтаныс ғаламшардың талай дауылды дүлейін бастан өткізгені жүріс-тұрысынан, сөз саптасынан білінеді.

— Ал, жігіттер, — деп бастады Тыныс сөзін біраз өзіл-қалжың айтылған соң, — жағдай түсінікті. Әзіргі бағытымыз жаман емес. Бірнеше жерден су шығардық. Бірақ онымен қанағаттануға болмайды. Мұндағы су біздің негізгі өмір тірегіміз. Жерге арқа сүйеу керек, бірақ қол қусырғанымыз ұят. Адам баласы ернін тигізбеген небір су осы ғаламшардың астында тоң болып жатқан жоқ па? Қане, кіріселік.

— Сол тоң бұрғымызға тісін батырып-ақ жатыр ғой! — деді сол кезде Ержан деген соқталдай қара домалақ жігіт, — кеше ғана бір тіс сынды. Кейде түсінбейсің, тоңның орнынан тас та шығады. Сол кезде бұрғының “жаны қиналады”.

— Қиындықсыз жеңіс жоқ, жігіттер, — деді сол кезде Тыныс айналаға қарап алып, — Қызыл ғаламшардың дауылы көтерілмей тұрғанда біраз іс тындыралық!

— Кіріселік! — деді Ержан да оң қолын көтеріп.

Бірі жүгіріп барып, биік бұрғыны іске келтіретін жүйені қосты. Екіншісі бұрғы қыртысқа еніп тұрған жерді бақылады. Үшіншісі бұрғы жүйесіне ток беріп тұрған станцияға асықты. Станция осыдан үш жүз метрдей жерге орналастырылған. Ол токты желден алады. Қызыл ғаламшардың желін де құр жібермеуге тырысқан мұндағы жігіттер. Бұл бірден бір тиімді әдіс еді. Жел көтерілген кезде станция двигательдері жұмыс істейді де, арнайы аккумуляторларға оттық береді. Содан ток жиналады. Ал жел жоқ күндері сол токпен талай іс тындырылады. Қазір де сондай іске көшкен. Тыныс барлық процесті бақылайтын шынылы үйшікке кірді. Ондағы панельде түрлі-түсті шамдар жыпылық қағып жатты. Тек қана шамдар емес, мұнда әр түрлі пішіндегі экрандар да көп еді. Олардың қажеттісінен бұрғының қанша метрге жеткенін, нендей зат кезіккенін ап-анық көруге мүмкіндік туатын. Іс басталысымен-ақ бұғы зыр айналды. Төменнен жоғары қарай тартылған қыртыс-топырақ сыртқа шығарылып, алысқа тасталып жатты. Мұның бәрін жасап жатқан күрделі агрегаттар мен биоманипуляторлар еді. Олардың ептілігі адам ептілігінен артпаса кем емес. Адам күші де аз қажет болар еді. Бірақ автоматтар саналы іс тындырмайды. Бәрібір саналы адам басқарып отыруы керек. Сондықтан да мұнда білдей

он екі жігіт еңбек етеді. Әрқайсысының отыратын, басқаратын орны бар. Ал Тыныс Жақсымұратұлы барлық процесті қадағалайды.

Бұрғы кінәратсыз айналып жатты. Оның айналу жылдамдығының өзі де оңай емес-ті. Қаншалықты тоң болса да, оның қызуынан еріп, қыртыс лайланып, тас пен балшық бірге жоғары қарай шығып жатыр. Ол шыққан тас пен балшық тектен текке лақтырылып тасталынбайды. Олар арнайы бақылау камерасынан өткізіледі. Тек сонан соң барып өрі керек тасталады. Тасталғанда да бейберекет емес, айнала, жат етіліп төгіледі. Бұл бұрғылап жатқан жерді құм суырындысынан сақтаудың бір жолы. Осындай сақтық болмаса, жаратылысының тоқсан проценті беймәлім табиғаттың тәлкегіне ұшырап қалу да қиын емес. Жұмысшылар оны да біледі.

Жұмыс кезінде Тыныста тыным болмайды. Ол кейде панель жанында отыра бермей, өзі де сыртқа шығып, бұрғы айналып жатқан тұсқа келеді. Әдетте, оған аса жақындауға рұқсат етілмейді. Өйткені, бұл Жер бұрғысы емес, оның үстіне мынау орта да қатерлі. Бірақ ол соған қарамастан шыны үйшіктен шығып кетеді де, бұрғының тап қасына келеді. Мұнда тұратын жұмысшы да бар. Бірақ ол арнайы киіммен барады. Тыныс жеңіл комбинезонмен жүреді. Бұрғының жанына келетін себебі — ана панельдегі экрандарға көп қарағысы келмейді. Мұның бір қасиеті, қай нәрсені де қаз-қалпында, табиғи түсінде көргенді ұнатады. Экранның аты — экран. Онда түс бұзылады. Тіпті түрлі-түсті еткеннің өзінде де бұзылатын жағдай болады. Тыныс онан көрі өз көзімен көргенді қалап, осылайша бұрғы жанында тұрады. Егер ол бастық болмаса, ешкім де рұқсат бермеген болар еді. Бар қалған амалдары оның аман-есен тұруын іштен қалайды. Бұрғы кенет сынып кеткен жағдайда сынықтардың ұшпасына кім кепіл. Бірақ бұрғы ылғи тынымсыз жұмыс істей бермейді. Ара-тұра тоқтайды. Сол кезде олар бұрғы алып шыққан әрбір тасты, лайды, үлкен тастарды қолдарымен ұстап көреді. Тың аймақта қазба байлықтардың болуы да ғажап емес. Қазушылар ол жағын да ойлайды. Бірақ негізгі нәрсе — су болғандықтан назарды соған аударады. Олардың қай-қайсысына да қазір-қазір су атқылап шыға жөнелетіндей болады.

Тыныс бұрғының жанында біраз тұрған соң қайтадан панель бар шыны үйшікке кірді. Бұл кезде онда отырған кезекші Шамжанның мандайынан шып-шып тер шығып отыр екен. Ол өзі мұртын қияқтай етіп қоятын сары жігіт еді. Сөзшендігі де бар. Тек Тыныс келгенде ғана ұяң бола қалады.